

Метан-қайнау температурасы — $161,6\text{ }^{\circ}\text{C}$, 1 литр метанның қалыпты жағдайындағы ($T = 0\text{ }^{\circ}\text{C}$, $P = 760\text{ мм}$) массасы $0,7168\text{ г}$. Метан биологиялық процестер нәтижесінде (*батпақ газы*), шірінділі көмірдің және органикалық заттарға тән өзге де шірінді түрлерінің метаморфтың өзгерістері жағдайында қалыптасқан [көмірсутекті](#) газдардың ең басты құрамбөлшегі.

Спиртте, эфирде және суда ериді, ауамен қауіпті қосылыстар түзеді және түссіз жалынмен жанады. Метан табиғи (97 – 99%), мұнайға серіктес (31 – 90%) және кен (34 – 40%) газдарының негізгі құраушысы. Ол шектелген ауа жағдайында батпақ газы, суарылатын алқаптағы газ метан түзетін бактериялар әсерінен органикалық заттар шірігенде пайда болады. [Сатурн](#) және [Юпитер](#) атмосферасы Метаннан тұрады.

Метан [мұнай](#) және мұнай өнімдерін термоиялық өңдегенде, тас көмірлерді кокстегенде және гидрлегенде түзіледі. Лабароторияда натрий ацетатын сілтімен балқыту, [алюминий](#) карбидіне сумен әсер ету арқылы алады.

Метан *синтез-газ*, *ацетилен*, *көгерткіш қышқыл*, *метил және метиленхлорид*, [хлороформ](#), *техникалық көміртектер алуда қолданылады*. Табиғи газ құрамындағы метанды отын ретінде пайдаланады. Метанның әлсіз есірткілік әсері бар.

